

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/RSCP1221>

***К. Н. Абилдаева¹, К. С. Әбдіқалық², Н. М. Абишева³**

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7847-5394>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9350-7465>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1627-6832>

*e-mail: abildaeva.00@mail.ru

Д. ЛОНДОННЫҢ «МАРТИН ИДЕН» РОМАНЫН ЖОО-ДА ОҚЫТУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Бұл мақалада Джек Лондонның «Мартин Иден» романын студенттерге меңгертуде проблемалық диалогтік оқыту әдісін қолданудың тиімділігі зерделенеді. Кіріспеде америка жазушысының белгілі «Мартин Иден» романы туралы шетелдік ғалымдар тарапынан әр қырынан зерттелгеніне шолу жасалады. Сонымен бірге бұл туындының аударма нұсқасын студенттерге тиімді оқытудың мәселесі арнайы қарастырылмағандығы ескеріліп, осы зерттеуіміздің негізгі өзектілігіне назар аударылады. «Мартин Иден» романының аударма нұсқасын студенттерге оқытуда проблемалық диалогтік оқыту әдісінің қолайлылығы толыққанды қарастырылды. Д. Барнс, Н. Мерсер, Ж. Аймауытов сынды шетел және отандық әдіскер ғалымдардың пікірлері де ескерілді. Таңдап алынған көлемді прозаны білім алушылармен талқылау үшін проблемалық диалогтік оқыту бойынша «Автобус аялдамасы» тәсілі алынып, әрбір топтың студенттері жұмыс жасайтын тапсырмалардың үлгісі қарастырылады. Флипчарттарда жазылуы керек «Идея», «Мәселе», «Кейіпкер», «Философия» деген атаулардың да оқытудың мақсатына жетуде өзіндік мәнге иеленетіні зерделенеді. Әрбір аялдамада жасалатын тапсырманың орындалу деңгейіне қатысты уақытының белгіленетініне назар аударылады. Төрт топқа берілген әрбір аялдамадағы тапсырмалардың реті кестелер арқылы ұсынылады.

Жас буынның оқырмандық қабілетімен қатар, сыни ойлауын қарқынды дамыту үшін де диалогтік қарым-қатынасқа түсіру, оларға берілетін танымдық бағыттағы проблемалық сұрақтардың дұрыс іріктелуі де үлкен маңызға ие. Білім алушылардан талап етілетін жауаптардың өзіндік үлгісі де бұл мақалада тиянақты қамтылады.

Кілтті сөздер: көлемді проза, аударма, оқыту әдістері, проблемалық оқыту, философиялық сауалдар, авторлық шешім, кейіпкерлер тағдыры

Кіріспе

Америка прозасының ішінде оқырманы көп классикалық көркем шығармалардың бірі Джек Лондонның «Мартин Иден» романы болатын. Бұл туындыны алғаш рет Боранбай Омаров 1968 жылы қазақшаға аударып, бізге жеткізген еді. Осы аударылған нұсқасы 2023 жылы қайта жарық көріп [1], қазіргі қазақ жастарына электронды кітаппен оқуға мүмкіндік туды. Қазіргі таңда сұраныстың көбеюіне қарай басқа да қазақша аударылған нұсқалармен қатары толығы түсті [2; 3].

Шығарма өзінің идеясының тереңдігімен тартымды болатын. Бұл романда ерекше сезім, сұлулықты іздеумен қатар, өмір философиясы толыққанды ашылған. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы жазушылар жайлы біршама шындықтың да басы ашылған. Осыған орай Дж. Лондонның «Мартин Иден» романын В. Н. Богословский, Р. Орлова, Дж. Лундквист, В. М. Быков, Д. Дайер, И. Е. Лунина, А. Б. Танасейчук сынды көптеген шетелдік зерттеушілер өмірбаяндық роман деген тоқтамға келеді [4; 5; 6; 7; 8; 9; 10]. Зерттеуші В. Н. Сушкованың «Америка әдебиетінің төрт классигі (Марк Твен, Джек Лондон, Теодор Драйзер, Эрнест Хемингуэй)» атты оқу құралында да [11] романдағы басты кейіпкер мен автордың өзара ұқсастығы саралана келе, жазушы өз өмірінің бір көрінісін сипаттап өтеді деген түйін түйілген.

Жалпы, Джек Лондонның «Мартин Иден» романы туралы көлемді монографиялар мен ғылыми мақалаларда әр қырынан талдауға алынып зерттелгенмен, романның қазақша аударылған нұсқасын студенттерге қалайша тиімді оқытуға болатыны жайлы арнайы жазылған ғылыми еңбектерді кездестіре алмадық. Оның үстіне түпнұсқаға жақын аудармасының мәтінін білім алушылардың толық ұғынуына сай тиімді әдіс-тәсілді таңдап алу қажеттілігі туындап отыр. Осыған сәйкес проблемалық диалогтік оқыту студенттердің сыни ойлауын ғана емес, сұрақтарға жауап іздеуде шығармашылық қабілетін де дамыта түсетініне көз жеткіздік. Диалогтік оқытудың маңыздылығы студенттердің бір-бірімен пікірлесуде, өзара ой

бөлісуде ортақ шешімге келіп, проблемалық сұрақтар бойынша түйген дұрыс шешімдерді толықтыра түседі.

Материалдар мен әдістері

Мақалаға Д. Лондонның «Мартин Иден» романының қазақшаға аударылған кітаптарымен қоса, қазақ тіліндегі аудио кітабын [12] материалдар ретінде пайдаландық.

Зерттеуде проблемалық сұрақтарға алынған жауаптарды талқылауда дәстүрлі ғылыми талдаумен қатар, салыстыр мен жүйелеу, жіктеу әдістері басшылыққа алынады. Романдағы көркемдік шындықты зерделеуде әдеби талдаудың барлық әдістерін қолдануға болады. Халқымыздың рухани мәдениетінің маңызды қырларының бірі өткен ғасырдағы қазақ, ағылшын, америка прозасындағы өзара байланыс пен үндестікке қатысты зерттеулерді [13] қарастырғанда салыстыра талдау әдісінің мәні арта түседі. Сондай-ақ мұндай әдістер шығарманың тақырыбы мен идеясын, кейіпкерлер бейнесіндегі ерекшеліктерді, алынған деректердің әр түрлі деңгейлерін топтауға септігін тигізеді.

Нәтижелер және талқылау

Электронды мәдениет әлемінде өмір сүретін бүгінгі білім алушыларды сабаққа деген айтарлықтай қызығушылығын ояту оңайлыққа түспейді. Сондай-ақ қазірде қоғамға көп нәрсені білетін адам ғана емес, өз бетінше шешім қабылдай алатын тұлға қажеттілігі де басымдылық танытып отыр. Осы орайда проблемалық диалогтік оқыту технологиясының студенттердің танымдық қабілетінің дамуына, өз бетінше шешім шығаруына ықпалы мол. Осы әдісті таңдап алуымызға тағы бір түрткі студенттерге игерілетін білімді дайын қалыпта ұстата салмайды. Олардың өз бетінше ізденуіне, зерттеуіне, көркем шығарманы шынайы қабылдауына мүмкіндік жасайды. Пән оқытушысы да сабақта тек ұйымдастырушы болып, олардың әрекетін бақылап отырады. Негізгі жауапкершілікті білім алушылар сезінгендіктен, олардың сыни ойлауымен қатар, дұрыс сөйлеуі де белсенді түрде қалыптасып отырады. Осы сұхбаттасудан оқыту бағдарламасына дейінгі және бірлесіп ойлану мәселесі жөнінде Д. Барнс [14] пен Н. Мерсердің [15] зерттеу еңбектерін назарға ұстай отырып, проблемалық диалогтік оқытудың студенттердің белсенділігін арттыруда тиімділігін байқауға болады. Жазушының «Мартин Иден» романының басты идеясына байланысты қойылатын сауалдарды қарастыруда қазақтың әдіскер ғалымы Ж. Аймауытовтың «Дұрыс қойылған сұрау дұрыс жауап алу керек. Дұрыс жауап бере алмаса, әуелі жолдастары, одан қалса оқытушы түзеп отырсын» [16, 214-б.] деген нұсқаулығын да ескеріп отыратындығымыз рас.

Сонымен, алынып отырған әдісіміз студенттердің шағын топта ортақ проблеманы талқылауда бірге ойлануы, бірлесіп шешім қабылдап, пікір

білдіруіне өте тиімді болмақ. Әдіскер ғалымдардың диалогтік оқытудың түрлеріне қатысты зерттеулері жеткілікті. Ал проблемалық диалогтік оқыту бойынша ғылыми пікірлер бір жүйеге түспеген. Дегенмен, бұл технологияның өзіндік ерекшелігі сол студенттер қойылған мәселелердің шешімін табуға өздігінен ұмтылып, сұраққа толық жауап бере алады. Оқу мәселесін шешуге бағытталған әдістерге гипотезаны тудыратын диалог пен білімге жетелейтін диалогты алға тартатынын да білеміз. Бұлар студенттердің жаңа білімді түсінуін қамтамасыз етеді. Гипотеза туғызатын диалог жас буынның шығармашылық қабілетін дамыта түсуге септігін тигізсе, білімге жетелейтін диалог олардың ойлау жүйесі мен орнықты сөйлеуіне бағыттайтын жол көрсетеді. Сонымен бірге осы екінші диалог студенттердің рет-ретімен бастапқы және соңғы жаңа білімді қорытуға мүмкіндік туғызатын және олар үшін орындалуға тиіс тапсырмалар тізбегін құрайды. Сабақ өту барысында оқытушы мұны студенттермен әңгімелесу, жұптық жұмыс, топтық жұмыс, өзіндік жұмыстар арқылы тиімді пайдалана алады. Білім алушылардың да аудиторияда ойларын еркін жеткізуге, көркем туындыға қатысты өз пікірлерін дәлелдеуге құлшынысы арта түседі.

Жоғары оқу орындарындағы оқу-әдістемелік кешенде қарастырылған дәріс сабағы бойынша көбінесе оқытушы қаламгердің шығармашылық өміріне байланысты ғылыми еңбектердегі шолу, пікірлерге назар аударып өтетіні белгілі. Ал тәжірибелік сабақтарда студенттердің мәселен, Д. Лондонның «Мартин Иден» туындысының негізгі тақырыбы, идеясы бойынша зерттеу жүргізуіне, толыққанды талдай алуына мән беріледі. Бұл ретте білім алушылардың сабақ үстінде белсенділік танытуы аса қажет. Жалпы, біз қалаған проблемалық диалогтік оқытуда алдымен «Автобус аялдамасы» тәсілін [17, 15-б.] тиімді қолдануға болады. Мұнда төрт топқа бөлінген студенттер тақтадағы «Идея», «Мәселе», «Кейіпкер», «Философия» деген жазулары бар флипчарттардан өздерінің бағыттарын (маршрут) таңдап алуы тиіс. Кемінде 5-6 студенттен құрылған әрбір топ осы қалаған бағдарға сәйкес тоқтайтын аялдамасын көздеп, сол аялдамада өздеріне белгіленген уақыт бойынша жұмыс жасайды. Әрбір топ аялдамада өздеріне белгіленген уақыт бойынша бірлесіп орындауда түрлі қалыпта (постер жасап ауызша қорғау, видео немесе кестені қолдану арқылы, т.б.) жауаптарын әзірлеуге болады.

Аталған аялдаманың атауына сай проблемалық сауалдар, тапсырмаларды алдын ала оқытушы арнайы түзеді. Осы тапсырмаларды студенттер өзара талқылап, орындауда алдымен топ ішінде, одан кейін өзге топпен пікір алмаса отырып, оқытушымен де диалогтік қарым-қатынасқа еркін түсе алады. Ескере кететін жайт, берілген тапсырмаларға мүлдем жауап бере алмаған топ болған жағдайда сол аялдамада кідіріп, олар келесі аялдаманың тапсырмасын

орындауға мүмкіндік ала алмайды. Бұл жағдай көбіне орын ала бермейді. Себебі осы проблемалық диалогтік әдістің бір тиімділігі толыққанды жауап бере алмаған топ болған жағдайда олар нақты болмаса да шамамен өз пікірлерін айтуға, қызу таласқа қосылуға, сондай-ақ өзге топтың нақты дәл жауаптарын да өздеріне қабылдай алуына мүмкіндігі бар.

Флипчарттарда жазылған жеке атауларға байланысты сұрақтар мен тапсырмаларды төмендегі кестеде көрсетілгендей жинақтап беруге болады:

Кесте – 1

Аялдама	Атаулары	Сұрақтар
№ 1	Идея	Д. Лондонның «Мартин Иден» романының басты идеясын ашып көрсетіңіз?
№ 2	Мәселе	Романда қандай өзекті мәселелер қозғалады деп ойлайсыз? <ul style="list-style-type: none"> • Бакыт • Махаббат • Ақша • Атақ • ???.
№ 3	Кейіпкер	<ul style="list-style-type: none"> • 1) Мартин Иден бейнесі және оның авторға қаншалықты қатысы бар? • 2) Басты кейіпкер үлгі тұтқан зиялылар бейнесі романда қалай сипатталады? • 3) Мартин Иденнің ғашық болған сүйіктілері мен достарының бейнесі шығармада қалай ашылған? • 4) Романдағы қай кейіпкердің бейнесін өздеріңізге үлгі тұтар едіңіздер?
№ 4	Философия	<ul style="list-style-type: none"> • 1) Бұл туындыда өмірдің мәні туралы философиялық мәселе өз шешімін тапты ма, қалай ойлайсыз? • 2) Мартин Иденнің жалғыздығы жай ғана кездейсоқтық па? Автор осы арқылы оқырманға қандай ой тастағысы келеді? • 3) Мартин неліктен жаңа өмірінде өзінің шынайы орнын таба алмады? • 4) Басты кейіпкердің өмірден өз еркімен қоштасуын қалай түсінуге болады?

Бірінші аялдамадағы сұрақ барлық топқа ортақ беріліп, жауапты талқылауға да аз уақыт белгіленеді. Себебі мұнда студенттердің дәріс сабағындағы талқылаудан жалпылама хабардар екендігі және екінші аялдамадағы тапсырма бойынша толықтыра түсетіндігі ескеріледі. Білім алушылар да барынша қысқа әрі нақты жауап беруге талпынады. Мәселен, кейбір топтардың жауабы былай болуы мүмкін: Романның негізгі идеясы өте қарапайым, кез келген адам көздеген мақсатына қандай қиындық болса

да таза, адал еңбегімен жетуіне болатындығын әрі барлық ортада өзін мойындатқан талантты жазушының шығармашылық еңбегін насихаттау.

Осылайша, әр топтың қысқаша жауабынан оқытушы қорытынды шығарып, әрі қарайғы аялдамаға жол бастайды.

Екінші аялдамадағы сұрақты талқылауға уақыт көбірек бөлінеді. «Романда қандай өзекті мәселелер қозғалады деп ойлайсыз?» деген сұраққа бақыт, махаббат, дәреже, ақша, тағы басқада мәселені әрбір топ жекелей таңдап алып, тобымен өзара ақылдаса отырып өз бетінше пікір білдіруге ойысады. Оқытушы тарапынан да әрбір топтың жұмыс жасауын қадағалап, көмектесіп отыруы тиіс. Мәселен, бақыт туралы сөз қозғайтын топ студенттерінің жанына оқытушы барып, «Қарапайым матрос Мартин Иден, әлде жазушы Мартин Иден бақытты ма?» деген сауалымен оларға ой тастауға болады. Ол топ мұны Венн диаграммасы арқылы салыстырып, жауап беруге ұмтылатын шығар. Студенттер де Мартин Иденнің жиырма төрт сағаттың ішінде 5 сағат қана ұйықтап, қалған 19 сағатта демалмай жұмыс жасаумен қатар білімге деген құштарлығына тәнті болса да, соншалықты еңбекпен келген білімі «огоан бақыт бере алмады» деген түйінге келуі мүмкін.

Бұған Мартиннің теңізші ретінде өткізген жылдарын өміріндегі ең бақытты кезең ретінде еске алғаны тілге тиек болады. Ал махаббат мәселесінде келесі топ студенттері Руфь Морзе мен Мартин Иденнің жан дүниесінде пайда болған ерекше сезімді романнан үзінді келтіре отырып сөз қозғауы мүмкін. Екі жастың бір-біріне жақын болуға өзара құштарлығы шынайы сезімді білдіре ме? Бәлкім басты кейіпкер Руфьтің өзіне емес, оның идеалды бейнесіне ғашық болған шығар? Лиззи Конноллидің махаббаты ше? Осындай проблемалық сауалдардың жауабын іздеуге құлшына отырып, өз түйгендерін өзгелерге түсіндіріп береді. Сонымен бірге романда көтірілген ақша, атақ мәселесінде де студенттер өз көзқарастарын қазіргі өмірмен байланыстыра еркін жеткізе алады. Тіпті, мұнда адамның мінезіндегі екіжүзділік мәселесі де қалыс қалмауы керек. Мысал ретінде білім алушылар Мартин Иденнің бастапқыда жазған шығармаларына сын айтқан редакторлардың кейіннен оның танымал жазушы болғанында басқаша сөйлеп, өзгергенін тілге тиек етуі мүмкін.

Үшінші аялдамада әр топ төрт сұрақтардың біреуін талқылауға мүмкіндік алады. Сұрақтар толық үлестірілгеннен кейін уақытты студенттердің өзі белгілегені ыңғайлы. Олар кейіпкерлермен толық таныс, тек берілген сұрақтар бойынша өз көзқарастарын нақты жеткізе білуі керек. Білім алушыларға ойларын жинақтау үшін қосымша кесте сызылған үлестірмелі қағаз ұсынуға болады.

Осы аялдамадағы бірінші сұрақты таңдаған топ студенттері алдымен романдағы қарапайым жұмысшыдан атақты жазушыға дейін өскен

қаһарманның бейнесін толық ашуға барынша тырысады. Оның өте төзімді, еңбекқор, уәдеге берік, өз пікірін айтудан қорықпайтын батыл, мұқтаж жандарға көмектесетін қайырымды екенін толық сипаттай алады. Дегенмен негізгі жауапты «Мартин Иденнің түбегейлі жаңа кейіпкерге айналуына махаббат себепкер болды ма?» деген сауалдың төңірегінен іздеуі де мүмкін. Жалпы, білім алушылардың басты кейіпкерді Т. Драйзердің («Керридің әпкесі»), В. Д. Хоуэллстің («Сайлас Лэфемнің көтерілуі») немесе Г.Джеймстің («Вашингтон алаңы», «Ханымның портреті») кейіпкерлерімен салыстыра бағалауына да ықпал етуге болады. Сонымен қатар әртүрлі жанрда 110-ға жуық шығарма жазған Мартин Иденнің бейнесі жазушының тікелей өзімен салыстыруға да мүмкіндік әкеледі.

Екінші сұрақ бойынша топ студенттері басты кейіпкер үлгі тұтқан зиялылар бейнесіне де кеңінен тоқталуы тиіс. Мартин Иденге әсер еткен зиялылардың ішінде алғашқысы профессор Колдуэллге басымдылық танытуы мүмкін. Шығармада Мартиннің өзі де оны керемет ақылды, үлкен жетістікке қабілетті деп санаған. Ал үшінші сұрақ бойынша топ студенттері Руфь Морзе, Лиззи Коннолли, Расс Бриссенденнің бейнелеріне тоқталып өтеді. Мартиннің ғашық болған сүйіктісі Руфь Морзенің бар болмысын ашуда білім алушылар аздап қиындыққа тап болуы мүмкін. Өйткені Руфь бейнесі өте түсініксіз, сүйіспеншіліктен жек көрушілікке дейін жеткізген бейне. Романдағы адал да шынайы қыз болып бейнеленген Лиззи Конноллиді студенттер таңдап, оны Руфь бейнесімен салыстырады да, өз түйінін жеткізеді. Мартиннің ең жақын досы әрі оны шынымен түсінген жалғыз адам Расс Бриссенденге де ерекше тоқталуы тиіс. Төртінші сұрақ бойынша жауап берген топ студенттері өз пікірлерін көбірек дәлелдеуге тырысады. Қарапайым теңізшіден жоғары парасатты, шешен, көп оқитын тұлғаға дейін өскен қаһарманның жан дүниесі студенттерді жақын тартуы мүмкін. Әсіресе, әйгілі жазушы болуды армандаған кейіпкердің биік асуларды бағындыруы жас буынға сөзсіз әсер етеді.

Төртінші аялдамадағы сұрақты талқылауға уақыт көбірек бөлінеді. Бірінші сұрақты талдаған топ студенттері өмірлік жағдайларға байланысты өз шешімін таппаған философиялық мәселелердің бірі өмірдің мәні туралы мәселеге тағы да басты кейіпкердің тағдырымен байланыстыра сөз қозғай алады. Мартин Иден өмірінің мәні алғашқыда ғашығы Руфьге деп түсіндіреді, кейіннен өзінің ұнатқан жұмысы, достары мен отбасында екенін білдіріп, бірте-бірте білімі толысып, қаламгерліктің биік шыңына жеткенде солардан мүлдем көңілі қалып, қол үзуді де сөз етеді. Одан кейінгі сұраққа топтағы студенттер Мартиннің жалғыздығына қатысты автордың оқырманға қандай ой тастағысы келетінін және оның жай ғана кездейсоқтық еместігін түсіндіреді. Тіпті, осы жалғыздықтың рухани күйзеліске соқтыруы басты

тұлғаның өзіне және шығармашылығына деген риясыздығын білдіртеді деп өз бетінше ұғынуы да мүмкін.

Осы аялдамадағы үшінші сұрақ бойынша студенттер Мартиннің жаңадан бастаған өмірінде не себепті өзінің қолайлы орнын таба алмағанын саралап, өз бетінше ой бөліседі. Қарапайым халықпен араласып, жастық шағының бақытты да алаңсыз кезеңіне қайта оралуын қаласа да ол жерден де қолдау таба алмаған Мартиннің жан дүниесіндегі негізгі қайшылықты, яғни ерекше сезінген сұлулық пен қатыгез өмір шындығы арасындағы сәйкессіздікті ашып беруге тиіс. Төртінші сұрақты талдаған топ студенттері шығарма соңындағы басты кейіпкердің өмірден өз еркімен қоштасуы себептерін әртүрлі болжаммен түсіндіруге тырысады. Мартин өз мақсатына жету үшін көптеген қиындықтарды бастан өткеріп, қалағанына жеткенмен Руфьпен іштей қоштасу арқылы өмірінің, махаббат пен бақыттың мәнін жоғалтады. Жалпы, танымал жазушының кейіпкер тағдырына қатысты шешіміне бүгінгі жас ұрпақтың қалай қарайтынын олардың шынайы көзқарасынан байқай аламыз. Түрлі көзқарастардың жиынтығын біріктіріп, осындай пікірталастарды туғызған проблемалық диалогтік оқыту әдісінің ерекшелігі де осыдан. Ескере кететін тағы бір жайт, сұрақтардың толық жауаптары пікірталасқа ұласып, студенттер арасында диалогтік қарым-қатынасқа түсу біршама уақыт алатын болса, аялдамадағы бағыттарды өзара біріктіріп, ықшамдауға оқытушы тарапынан ұйымдастыра алады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, осы проблемалық диалогтік оқыту әдісі арқылы студенттер Д. Лондонның «Мартин Иден» романының негізгі идеясын толық түсініп, ондағы құндылықтарды түйсіне алады. Ең алдымен бұл туынды әрбірінің өздеріне сауал қоя алатындай, яғни не үшін өмір сүретіні туралы өздігінен ойлануға да ықпал етеді. Жоғары оқу орындарының оқыту үдерісінде оқытушылардың белсенді әдістерді тиімді қолдануы оқытудағы кейбір қиындықтарды жеңуге, жаңа көзқарастағы кәсібилікті дамытуға, студенттердің зияткерлік тұлғасын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттері мен танымдық іскерлігін өз бетінше арттыруға көмектеседі. Сабақта студенттерге проблемалық диалогтік оқыту әдісін жиі қолдану қажеттілігі бүгінде өзінің нәтижелігін көрсетіп жүр.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Лондон, Д. Мартин Иден/ауд. Б. Омаров [Мәтін]. – Алматы : Samga, 2023. – 432б. ISBN: 978-601-81039-6-4

2 Лондон, Д. Мартин Иден [Мәтін]. – Қарағанды : Қасым, – 2021. – 538 б.

- 3 **Лондон, Дж. Мартин Иден** / (ауд. Г.Әбішқызы) [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2024. – 522 б.
- 4 **Богословский, В. Н., Джек Лондон** [Текст]. М. : Просвещение, 1964. – 240с.
- 5 **Орлов, Р.** «Мартин Иден» Джек Лондона [Текст]. М. : Художественная литература, 1967. – 118 с.
- 6 **Lundquist, J.** Jack London [Text]. Adventures, Ideas and Fiction. N.Y.: Ungar, 1987. – 269 p.
- 7 **Быков, В. М.** По следам Джека Лондона [Текст]. М.:Издательство Московского университета, 1996. – 239 с.
- 8 **Dyer, D.** Jack London A Biography [Text]. N. Y. : Scholastic, 1998. – 300 P.
- 9 **Лунина, И. Е.** Художественный мир Джека Лондона [Текст]. Монография. М. : Изд-во МГОУ, 2009. – 338с.
- 10 **Танасейчук, А. Б., Джек Лондон** : одиночное плавание [Текст]. М. : Молодая гвардия, 2017. – 336 с.
- 11 **Сушкова, В. Н.** Четыре классика американской литературы (Марк Твен, Джек Лондон, Теодор Драйзер, Эрнест Хемингвей) [Текст]. Тюмень : Изд-во Тюменского гос. университета, 2012. – 123 с. ISBN 978-5-400-00617-3
- 12 **Джек, Лондонның** тамаша туындысының бірі : Мартин Иден қазақша аудиокітап/нұсқасы. Аудио:<https://www.youtube.com/watch?v=OoCbt81qX1k&ysclid=lxcr9bxc6l644919621> (қол жеткізу күні 13 наурыз 2013 ж.)
- 13 **Smagulova, A. Tusupova, A. Orazbekova, Z. Kongyrbayeva, G. Issayev, A.** The subject of Kazakhstan in English minor genres of literary publicist [Text]. // Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys. 2024. (55) : – P. 944–951 DOI: 10.54919
- 14 **Barnes, D.** From Communication to curriculum [Text]. Harmondsworth: Penguin, 1976. -202 p.
- 15 **Mercer, N.** Words and Mind: how we use language to think together [Text]. – London : Routledge, 2000. – 192 p.
- 16 **Аймауытов, Ж.** Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 6-том. Алматы : Ел шежіре, 2013. – 384 б.
- 17 **Тренерге арналған нұсқаулық.** [Мәтін]. – Астана : «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015. – 64 б.

References

- 1 **London, D. Martin İden** /aud. B. Omarov [Martin Eden] [Text]. – Almaty, Samga : 2023. – 432 p. ISBN: 978-601-81039-6-4
- 2 **London, D. Martin İden** [Martin Eden] [Text]. – Qarağandy : Qasym, 2021. – 538 p.

3 **London, J. Martin İden** [Martin Eden]/ (aud. G.Äbişqyzy) [Text]. – Astana : Foliant, – 2024. – 522 p.

4 **Bogoslovski, V. N.** Jek London [Jack London] [Text]. M. : Prosveşenie, 1964. – 240 p.

5 **Orlov, R.** «Martin İden» Jek Londra [«Martin Eden» Jack London] [Text]. M. : Hudojestvennaia literatura, – 1967. – 118 p.

6 **Lundquist, J. Jack London** [Text]. Adventures, Ideas and Fiction. N. Y. : Ungar, 1987. – 269 p.

7 **Bykov, V. M.** Po sledam Jeka Londra [In the footsteps of Jack London] [Text]. M. : İzdatelstvo Moskovskogo universiteta, 1996. – 239 p.

8 **Dyer, D. Jack London** A Biography [Text]. N. Y. : Scholastic, 1998. – 300 P. 9 Lunina, İ. E. Hudojestvennyi mir Jeka Londra [The artistic world of Jack London of Jack London] [Text]. Monografia. M. : İzd-vo MGOU, 2009. – 338 p.

10 **Tanaseichuk, A. B. Jek London** : odinochnoe plavanie [Jack London : Solo Sailing] [Text]. M. : Molodaia gvardia, – 2017. – 336 p.

11 **Suşkova, V. N.** Chetyre klasika amerikanskoi literatury (Mark Tven, Jek London, Teodor Draizer, Ernest Heminguei) [Four classics of American literature (Mark Twain, Jack London, Teodor Draizer, Ernest Hemingway)] [Text]. Tümen : İzd-vo Tümenskogo gos. universiteta, 2012. – 123 p. ISBN 978-5-400-00617-3

12 **Jek, Londonnyñ** tamaşa tuyndysynyñ biri : Martin İden qazaqşa audio kitap/nūsqaşy [One of the best work : Martin Eden in Kazkh audio book/version]. <https://www.youtube.com/watch?v=OoCbt81qX1k&ysclid=lxcr9bxc61644919621> (Access date 13 March 2013.)

13 **Smagulova, A. Tusupova, A. Orazbekova, Z. Kongyrbayeva, G. Issayev, A.** The subject of Kazakhstan in English minor genres of literary publicist [Text]. // Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys. 2024. (55) : – P. 944–951 DOI: 10.54919

14 **Barnes, D.** From Communication to curriculum [Text]. Harmondsworth: Penguin, 1976. - 202 P. 15 Mercer, N. Words and Mind: how we use language to think together [Text]. – London: Routledge, 2000. – 192 p.

16 **Aimauytov, J.** Alty tomdyq şyğarmalar jinağy [A collection of works in six volumes] [Text]. 6-tom. Almaty : El şejure, 2013. – 384 p.

17 Trenerge arnalğan nūsqaulyq. [Instructions for the trainer.] [Text] Astana : Pedagogikalıq şeberlik ortalyğy, 2015 – 64 b.

01.07.24 ж. баспаға түсті.

31.07.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

* К.Н. Абилдаева¹, К.С. Абдикалык², Н.М. Абишева³

^{1,2}Казахский национальный
женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы;

³Египетский университет
исламской культуры Нур-Мубарак,
Республика Казахстан, г. Алматы

Поступило в редакцию 01.07.24.

Поступило с исправлениями 31.07.24.

Принято в печать 25.11.24.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА ПРОБЛЕМНО-ДИАЛОГИЧЕСКОГО ОБУЧЕНИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ РОМАНА «МАРТИН ИДЕН» Д. ЛОНДОНА В ВУЗЕ

В данной статье рассмотрена эффективность использования метода проблемно-диалогического обучения при изучении студентами романа Джэка Лондона «Мартин Иден». Во введении дается обзор работ зарубежных ученых, посвященных известному роману американского писателя «Мартин Иден», и рассмотренных ими под разными углами. Учитывая тот факт, что в методике отсутствуют труды по изучению данного романа, большое значение придается актуальности исследования. В статье по результатам и обсуждению широко раскрывается специфика проблемно-диалогического метода обучения и его преимущества по сравнению с другими технологиями обучения. В связи с этим приняты во внимание мнения таких ученых-методистов, как Д. Барнс, Н. Мерсер, Ж. Аймаутов. В проблемно-диалогическом обучении студентов роману выбран подход «автобусная остановка», который включает в себя систему заданий, предоставляемых студентам, разделенным на четыре группы. Флипчарты включают названия «Идея», «Проблема», «Персонаж», «Философия», которые имеют особое значение для достижения цели обучения. Обращается внимание на то, что на каждой остановке устанавливается время относительно уровня выполнения поставленной задачи. Последовательность заданий на каждой остановке, заданной четырем группам, представлена таблицами. Для повышения читательских способностей студентов также важно вести диалог, задавать обучающимся проблемные вопросы познавательной направленности. Ответы студентов также подвергаются анализу в этом исследовании.

Ключевые слова: объемная проза, перевод, методы обучения, проблемное обучение, философские вопросы, авторское решение, судьба героев

*К. Abildayeva¹, К. Abdikalyk², N. Abisheva³

^{1,2}Kazakh National Women's

Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Nur Mubarak Egyptian University

of Islamic culture,

Republic of Kazakhstan, Almaty

Received 01.07.24.

Received in revised form 31.07.24.

Accepted for publication 25.11.24.

THE USE OF THE METHOD OF PROBLEM-DIALOGICAL TEACHING IN THE STUDY OF THE NOVEL «MARTIN EDEN» BY J. LONDON AT THE UNIVERSITY

This article discusses the effectiveness of the method of problem–dialogical teaching in the study of Jack London's novel «Martin Eden» by students. The introduction gives an overview of the works of foreign scientist devoted to the famous novel of American writer «Martin Eden», and considered by them from different angles. Given the fact that there are no works on the study of this novel in the methodology, great importance is attached to the relevance of the study. The article on the results and discussion widely reveals the specifics of the problem-dialogical method of teaching and its advantages in comparison with other teaching technologies. In this regard, the opinions of such methodological scientists as D. Barnes, N. Mercer; Zh. Aymautov, were taken into account. In the problem-dialogical teaching of students to the novel, the “bus stop” approach is chosen, which includes a system of tasks provided to students divided into four groups. Flipcharts include the names «de», «Problem», «Character», and «Philosophy» which are of particular importance for achieving the learning goal. Attention is drawn to the fact that at each bus stop, the time is set relative to the level of completion of the task. Tables represents the sequence of tasks at each stop assigned to the four groups. To increase the reading abilities of students, it is also important to conduct a dialogue, ask students problematic question of cognitive orientation. Students' responses are also analyzed in this study.

Keywords: voluminous prose, translation, teaching methods, problem-based learning, philosophical questions, author's solution, fate of heroes

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz